

3 Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару

3.1 Еңбекті қорғауды басқарудың маңызы мен мазмұны

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірін шешу – толықтай қауіпсіз және салауатты еңбекті құру – жұмыс орнынан кәсіпорындарды басқаруға дейінгі барлық деңгейде еңбекті қорғауды басқару әдістерін жетілдірумен үздіксіз байланысты.

Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару кәсіпорынды басқарудың жалпы жүйесінің бағыныңқы жүйесі және құрамдас бөлігі болып табылуы тиіс.

Басқару жалпы түрде қолдағы бар бағдарламаға (алгоритмге) немесе жұмыс істеу мақсаттарына сәйкес объектінің жұмыс істеуін қолдауға немесе жақсартуға бағытталған белгілі бір ақпараттар негізінде таңдалған әрекеттердің жиынтығы ретінде анықталады.

Басқарудың кез келген жүйесінде басқарылатын *объект* бар, сондай-ақ басқаруды жүзеге асыратын орган бар. Бұл орган басқару процесінде басқарылатын объектінің жағдайы және басқарылатын объект байланысты болатын сыртқы ортаның жағдайы туралы белгілі бір ақпараттар алады. Осы ақпараттар негізінде басқарушы орган басқарушы ақпараттарды өңдейді, яғни шешімдер қабылдайды. Қабылданған шешімдер негізінде кейбір орындаушы орган басқарылатын объектіге басқарушы әсерді жүзеге асырады. Жиі басқарылатын және орындаушы органдар бірыңғай ұғым — басқару субъектісіне біріктіреді, онда басқару жүйесі екі бағыныңқы жүйе: басқарылатын және басқарушы жүйелерден тұрады.

Басқару белгілі бір мақсаттарға жету үшін әрдайым жүзеге асырылады. Еңбекті қорғауды басқару мақсаты еңбек процесіндегі адамның денсаулығын, жұмысқа қабілетін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Басқару мақсаты өз кезегінде басқарудың белгілі бір функцияларын орындау арқылы қол жеткізуі мүмкін. Басқару функциясы — басқару объектісіне мақсатты түрде бағытталған әрекеттер кезінде басқару субъектісімен жүзеге асырылатын қызметтің өзара байланысқан түрлерінің кешені. Басқару функциясы басқару жүйесінде кім не істеу керек деген сұраққа жауап береді.

Еңбекті басқару объектісі жұмыс орнында, өндірістік учаскелерде, цехта, тұтастай кәсіпорындарда қауіпсіз және салауатты жағдайын қамтамасыз ету бойынша кәсіпорындардың функциялық және құрылымдық бөлімшелерінің қызметі болып табылады.

Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқаруды (бірлестіктерде) кәсіпорын басшысы жүзеге асырады. Функциялық және құрылымдық бөлімшелерде басқаруды олардың жетекшілері жүзеге асырады.

Еңбекті қорғауды басқарудың жүйесін қалыпты жұмыс істеуі мен жетілдіру басқару объектісінің жағдайы туралы ақпараттар болған кезде ғана мүмкін. Ақпараттар жекелеген жұмыс орнында және өндіріс учаскелерінде еңбектің қауіпсіз жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер түрінде түсуі мүмкін.

Еңбекті қорғауды басқару функциялары болып табылады:

- еңбекті қорғау бойынша жұмысты жоспарлау;
- еңбекті қорғау саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру;
- еңбекті қорғау жағдайын және еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жұмыс істеуін есепке алу және талдау;
- еңбекті қорғау жағдайын және еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жұмыс істеуін бақылау;
- еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ынталандыру.

Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқарудың мақсаты келесі негізгі міндеттерді шешу кезінде мүмкін:

- еңбекті қорғау және еңбекті қорғау мәселелерін насихаттау бойынша қызметкерлерді даярлау;
- өндірістік жабдықтар қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- өндірістік процестер қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ғимараттар және үймереттер қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайын нормалау;
- қызметкерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің оңтайлы еңбек режимі мен демалысын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуін ұйымдастыру;
- қызметкерлердің санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсетуін ұйымдастыру;
- қызметкерлерді жекелеген мамандықтар бойынша кәсіби іріктеу.

Осыған ұқсас еңбекті қорғауды басқару функциялары мен міндеттері төменде қарастырылған.

3.2 Еңбекті қорғау бойынша жоспарлау

Еңбекті қорғауды басқаруды анықтаушы және жетекші функциялар еңбекті қорғау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жоспарлау болып табылады. Жоспарлау бойынша жұмыс басталғанға дейін өндірістік жарақаттану, кәсіби ауру және еңбекті қорғау бойынша басқа көрсеткіштерді болжау жүргізілуі тиіс.

Еңбекті қорғау көрсеткіштерін болжау ізденістік және нормативтік болуы мүмкін. Еңбекті қорғау көрсеткіштерін ізденістік болжау болған жағдайға байланысты туындайды және жүйенің келешектегі жағдайын анықтайды. Нормативтік болжау қазіргі кездегі әрекеттерге жүйенің нормативтік бағаланған келешек жағдайына байланысты жүргізіледі.

Өндірістік жарақаттанушылықты болжау өткен жылдардың жарақат туралы статистикалық деректерді талдауға негізделген.

Өндірістің дамуына байланысты еңбек жағдайын жақсарту бойынша қажетті іс-шараларды болжау (5 және одан артық жыл) әдетте сараптық бағалау деректері бойынша жүргізіледі.

Еңбекті қорғау бойынша жұмысты жоспарлау перспективалы (бесжылдық), ағымдық (жылдық) және жедел (тоқсандық, айлық, он күндік). Қазіргі күні еңбекті қорғау бойынша перспективалы жоспарлаудың негізгі түрі еңбекті қорғау, еңбек жағдайын және санитарлық-сауықтыру іс-шараларын

жақсартудың кешенді жоспарын әзірлеу болып табылады. Осы жоспарларды іске асыру ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын еңбекті қорғау келісіміне енгізілген еңбекті қорғау бойынша іс-шаралардың жылдық жоспары арқылы қамтамасыз етіледі.

Ұжымдық шартта кәсіпорын өмірінің және қызметінің барлық маңызды жақтары — еңбекті ұйымдастыру мен өндірісті жетілдіруден жұмыскерлердің еңбек, тұрмыс, мәдениеті мен тәрбиелеу жағдайларын жақсартуға дейін көрініс табады.

Ұжымдық шарт жұмыскерлердің және қызметкерлердің, әкімшіліктің (кәсіпорын иесі) атынан жұмыс істейтін кәсіподақ комитеті арасында жасалады.

Перспективалық және ағымдық жоспарлар өндірістік учаскелердегі еңбек жағдайын санитарлық-техникалық жағдайын талдау (паспорттау); өндірістік жарақаттану, жалпы және кәсіби ауру себептерін талдау; кәсіпорын қызметкерлерінің ұсыныстары, мемлекеттік қадағалау органдары мен кәсіподақ комитеттерінің ұсыныстарын талдау нәтижелерінің есебінен жасалады. Бұл ретте кәсіпорын объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен жағдайы бойынша аттестаттау картасын алдын ала жасау өте маңызды. Аттестаттау картасы еңбек қауіпсіздігі ережелері мен стандарттарын, нормаларын қанағаттандырмайтын жұмыс орындары мен өндірістік учаскелерді анықтау, еңбек жағдайын тексеру нәтижелерін құжатты түрде рәсімдеуге арналған.

Еңбекті қорғау мәселелері қазіргі кезде басқа құжаттарда көрініс тапқан, мысалы, ауыр қол еңбегін және көп еңбекті қажет ететін жұмыстарды механикаландыру; әйелдер еңбегін қорғау; кәсіпорынды күз-қыс жағдайына дайындау; өрт және жарылыс қауіпсіздігі және т.б.

Осы жоспарлардың барлық түрін әзірлеу негізіне келесі принциптер алынуы тиіс: перспективалығы, яғни еңбекті қорғау бойынша барынша маңызды ғимараттарды таңдау; кешенді, яғни кәсіпорынның қалған жоспарымен еңбекті қорғау бойынша ағымдық және перспективалық жоспарлардың өзара байланысын қамтамасыз ету; басымдығы, яғни жоспарланатын іс-шаралар арасында ағымдық бағыттарды таңдау және осы негізде материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды оңтайлы бөлуге қол жеткізу; жекелеген жоспарларды және олардың ресурстарын реттеуді қамтамасыз ететін жоспарлардың құрылым бірлігі, яғни әрбір жоспар, бір жағынан, төмен тұрған деңгейдегі жоспарлардың жиынтығы, ал екінші жағынан – кәсіпорынның бизнес-жоспары ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық бақылау процестерінде анықталған кемшіліктерді жылдам жою үшін еңбекті қорғау бойынша жедел жоспарлар әзірленеді.

3.3 Еңбекті қорғауды басқару функциясы ретінде ұйымдастыру, үйлестіру және есепке алу және талдау

Еңбекті қорғау саласында жұмысты ұйымдастыру кәсіпорындағы (өндірістік бірлестіктегі) еңбекті қорғауды басқару құрылымын таңдау және

калыптастырудан тұрады, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау мақсатына сай келеді.

Кәсіпорынның барлық инженерлік қызметі және лауазымды тұлғалары еңбекті қорғауды басқаруға қатысады. Сондықтан кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару тиімділігі жұмыстарды ұйымдастыруға — осы саладағы барлық буындардың және лауазымды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын анық регламенттеуден тұрады.

Бұл үшін әрбір кәсіпорында еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы Ереже әзірленеді, еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша кәсіпорындардың стандарты түрінде жиі ресімделеді. Бұл құжат еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі құрылымдық бөлімшелердің және лауазымды тұлғалардың, қызметтердің өзара байланысы, міндеттері мен құқықтарын бекітеді. Бұл ретте басқарудың бір деңгейінен басқа деңгейіне ауысу кезінде негізгі функциялардың ара қатысы өзгеретінін ескеру керек. Егер, мысалы, дирекция деңгейінде жоспарлау, үйлестіру мен бақылау функциялары барынша маңызды болса, онда цехта ұйымдастыру мен ынталандыру функцияларына назар аудару керек.

Еңбекті қорғауды басқару, басқару шешімдерін дайындау және сол шешімдерді іске асыруды бақылау бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды кәсіпорын басшысына (бас инженерге) тікелей бағынатын кәсіпорындағы еңбекті қорғау (бөлімі) жүзеге асырады. Өнеркәсіптің бірқатар саласындағы ірі кәсіпорындарда еңбекті қорғау жөніндегі директор орынбасары немесе бас инженердің орынбасарының лауазымы қарастырылған, соған бағынатын еңбекті қорғау бөлімі (бюросы) болады.

Белгіленген мақсаттарға қызмет нәтижелерінің сәйкестігін бағалау есепке алу және талдау функцияларының көмегімен жүзеге асырылады. Есепке алу және талдау еңбекті қорғау жағдайының деңгейін және еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жұмыс істеу деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді. Есепке алу мен талдау барлық басқару деңгейінде (шеберден директорға дейін) жүргізіледі. Осы функцияның мақсаты басқару объектісінде еңбекті қорғау жағдайының көрсеткіштерін жүйелік есеп алудан, еңбекті қорғау заңдарын, стандарттарын, ережелері мен нормаларының талаптарын орындамау себептерін, сондай-ақ жоспарланбаған іс-шараларды орындамау себептерін есепке алу және жинақтау деректерін талдаудан тұрады. Жазатайым оқиғалар, жалпы және кәсіби аурулар туралы барлық есептік және есеп беру материалдары; еңбекті қорғау жағдайын бақылаудың барлық түрлерінің материалдары; объектілер, жұмыс орындарының, учаскелер мен цехтардың санитарлық-техникалық паспорттарының деректері; ғимараттар, үймереттер, жайлар, жабдықтар және т.б. арнайы тексеру материалдары талдауға алынады.

Осы функцияларды жүзеге асыру нәтижесінде ағымдық және перспективалық жоспарлар енетін ұсыныстар әзірленеді, еңбекті қорғау саласындағы қол жеткізген көрсеткіштер үшін жекелеген қызметтердің, бөлімшелердің және лауазымды тұлғалардың қызметін ынталандыру жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды үйлестіру өндірістік кәсіпорындарды (бірлестіктерді) басқарудың барлық деңгейінде бас инженердің басшылығымен жүзеге асырылады. Осы функциялардың мазмұны бұйрықтарды, өкімдерді және ұйғарымдарды, жедел кеңестер өткізу және т.б. әзірлеу мен орындаудан тұрады.

Көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарда үш деңгейде жүзеге асырылатын әкімшілік-қоғамдық бақылау жүйесі кеңінен таралған. Шебер бірінші бақылау сатысында өндірістік учаскедегі еңбекті қорғау жағдайын күн сайын тексереді. Цех бастығы екінші сатыда цех мамандарымен бірге цехтағы еңбектің жағдайын аптасына бір рет тексереді. Кәсіпорын басшысы, кәсіпорынның аға қоғамдық инспекторы (кәсіподақ комитетінің еңбекті қорғау комиссиясының төрағасы), еңбекті қорғау бөлімінің бастығы кәсіпорындағы тұтастай еңбек және еңбекті қорғау жағдайына айына бір рет бірлескен тексеріс жүргізеді.

Әрбір тексеру нәтижелері, ескертулер мен ұсыныстар арнайы журналдарда анықталған кемшіліктерді жоюдың көрсетілген мерзімімен тексеріледі.

3.4 Еңбекті қорғау жағдайын бақылау

Кәсіпорындағы еңбекті қорғау жағдайын бақылаудың негізгі түрлері:

- жұмыс жетекшілері мен басқа лауазымды тұлғаларды жедел бақылау;
- кәсіпорындағы еңбекті қорғау қызметін жүзеге асыратын бақылау;
- жоғарыда тұрған органдарды ведомстволық бақылау;
- мемлекеттік қадағалау органдары жүзеге асыратын бақылау болып табылады.

Бақылау тиімділігі қауіпті және зиянды өндірістік фактор параметрлерін бақылау, өндірістік жабдықтар және технологиялық процестердің қауіпсіздігін анықтау үшін өлшеу әдістері мен құралдарын (аспаптарды) енгізетін тиісті метрологиялық қамтамасыз етуге байланысты.

3.5 Өндірісте қауіпсіз жұмыс әдісімен және нұсқамамен оқыту

Қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс әдістеріне оқыту барлық кәсіпорындарда өндірістің қауіптілік дәрежесі мен сипатына байланысты жүргізіледі:

- жаңа жұмысшыларды даярлау кезінде (жаңадан қабылданған, бір бөлімшеден екіншісіне ауысқан қызметкерлердің бәріне);
- нұсқаманың әр түрін жүргізу кезінде;
- біліктілігін арттыру кезінде.

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуды ұйымдастыру бойынша жалпы ережелер «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуды ұйымдастыру ережесі. Жалпы ережелерде» баяндалған.

Жаңадан қабылданған қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі бойынша оқыту олардың кәсіптік-техникалық оқуы кезінде жүргізіледі. Еңбек қауіпсіздігі бойынша білімді меңгеру дәрежесі білім алушылардың біліктілік комиссиясына емтихан тапсыруы кезінде тексеріледі.

Кәсіпорын әкімшілігіне жұмыс істейтін қызметкерлерге нұсқама жүргізу тәртібі жүктеледі, ол өткізу сипаты мен уақыты бойынша кіріспе, жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама, қайталама, жоспардан тыс және ағымдық болып бөлінеді.

Кіріспе нұсқаманы еңбекті қорғау жөніндегі инженер немесе бұл міндеттер ұйым бұйрығымен жүктелген тұлға жүргізеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама білімі, осы мамандық немесе лауазымы бойынша жұмыс өтіліне байланыссыз жұмысқа жаңадан қабылданған барлық қызметкерлерге, уақытша қызметкерлерге, іссапарға келгендерге, өндірістік оқуға немесе тәжірибеге келген оқушылар мен студенттерге жүргізіледі. Кіріспе нұсқаманы жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі стандартының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ереже, нормалар мен нұсқаулықтарды ескере отырып бекіткен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызмет әзірлеген бағдарлама бойынша жүргізеді. Бағдарламаны кәсіпорын басшысы бекітуі тиіс және кәсіподақ комитетімен келісілген болуы тиіс. Кіріспе нұсқаманы және білімді тексеру туралы арнайы журналға жазылады (нұсқаманың жеке қағазы), оған нұсқама беруші және нұсқама алушының қолы міндетті түрде қойылады.

Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама еңбектің қауіпсіз тәсілдерін практика жүзінде көрсете отырып, әрбір жұмысшыға жеке жүргізіледі. Алғашқы нұсқама біртекті жабдыққа қызмет көрсететін қызметкерлер тобына және жалпы жұмыс орны шегінде жүргізіледі.

Нұсқаманы шебер немесе учаске бастығы жүргізеді.

Қызметкер:

- цех пен учаске жоспарымен;
- технологиялық жабдықтар құрылғыларымен;
- жұмыс орнын дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырумен;
- аталған жабдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама мазмұнымен;
- технологиялық операцияларды орындау кезіндегі қолайсыз жұмыс тәсілдерімен танысады.

Қызметкерлер нұсқамадан және білімін тексеруден кейін 2-5 ауысым ішінде (арнайы жағдайда және одан көп) шебер немесе бригадирдің бақылауымен жұмыстарды орындайды, содан кейін дербес жұмыс істеуге рұқсат алады, арнайы журналға жазылады (нұсқаманың жеке карточкасы), оған нұсқама беруші қолын қояды.

Кейбір мамандықтарға (мысалы, электр монтер) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоғары талаптар қойылады. Осындай мамандық иелері жұмыс орнындағы алғашқы нұсқамадан өтер алдында мемлекеттік қадағалау органдары және министрліктер бекіткен бағдарламалар бойынша арнайы оқытудан өтеді.

Жабдықтарды қызмет көрсету, сынау, баптау және жөндеу, құрал-саймандарды пайдалану, материалдар мен шикізаттарды сақтаумен байланысты емес бірқатар кәсіпорын қызметкерлері жұмыс орнындағы алғашқы нұсқамадан

босатылады. Осындай қызметкерлердің мамандықтар тізімін кәсіподақ комитетімен келіскеннен кейін кәсіпорын басшысы бекітеді.

Қайталама нұсқаманы алғашқы нұсқамадан өткен қызметкерлерге олардың еңбек қауіпсіздігі бойынша білім деңгейін тексеру мен арттыру мақсатында жүргізеді. Қайталама нұсқамадан қызметкерлер біліктілігі, білімі, өтілі, орындайтын жұмысының сипатына байланысты жартыжылдықта кемінде бір рет өтеді. Жоспардан тыс нұсқама қолданысқа еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жаңа немесе өңделген стандарттар, ережелер, нұсқаулықтар, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізілген кезде; технологиялық үдеріс өзгерген, жабдықтарды, құрылғылар мен құралдарды, сыртқа шығарылатын шикізат пен материалдарды және т.б. еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар ауыстырылған немесе жаңартылған кезде; қызметкерлер жарақаттануға, апатқа, жарылыс пен өртке, улануға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін еңбек қауіпсіздігін бұзған кезде; бақылаушы қадағалау органының талабы бойынша жүргізіледі.

Ағымдық нұсқама наряд-рұқсатнама ресімделетін жұмыстарды жүргізу алдында қызметкерлерге жүргізіледі. Осы нұсқаманы жүргізу туралы наряд-рұқсатнамада жазылуы тиіс.

Кезектен тыс нұсқама егер:

- а) технологиялық процесс және жабдықтар өзгерсе;
- б) қызметкерлермен жүргізілген нұсқама жеткіліксіз болса және жазатайым оқиға және кәсіби аурулар болса;
- в) қауіпсіздік техникасы бойынша ереже мен нұсқаулықтар бұзылса қажет.

Біліктілігін арттыру кезінде еңбек қауіпсіздігіне оқыту қызметкерлер және инженерлік-техникалық қызметкерлер (ИТҚ) үшін жүргізіледі. Қызметкерлер еңбекті қорғау бойынша өз білімдерін біліктілігін арттыру курстарында және еңбекті қорғау бойынша арнайы курстарда арттырады. Еңбек қауіпсіздігі бойынша білімді меңгеру біліктілік емтихандарын тапсыру кезінде тексеріледі. Инженерлік-техникалық қызметкерлер өз білімдерін біліктілігін арттыру курстарында және еңбекті қорғау бойынша арнайы курстарда, институттарда арттырады. ИТҚ осындай оқыту алты жылда бір рет жүргізіледі.

Еңбек қауіпсіздігіне бойынша қызметкерлерді оқыту тиімділігі көп жағдайда кәсіпорындағы жарақаттанудың алдын алуға байланысты, сондықтан осы міндеттерді шешуге айрықша назар аударылады.

Осы жұмыстардың ажырамас бөлігі еңбекті қорғауды насихаттау болып табылады. Насихаттау міндеттері: еңбекті қорғауға қызығушылық тудыру керек және тұрақты қолдап тұру керек; еңбекті қорғау бойынша сол немесе басқа іс-шаралардың қажеттілігіне қызметкерлерді сендіру; еңбекті қорғау бойынша іс-шараларға саналы қатынасты тәрбиелеу; еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа құралдарын насихаттау.

Насихаттауды жүзеге асыру үшін әр түрлі формалар, әдістер мен құралдар пайдаланылады. Насихаттауды жүзеге асыру түрлері конференциялар, семинарлар, озық тәжірибелі мектептер, телебағдарламалар, экскурсиялар, көрмелер және т.б. болып табылады. Насихаттау әдістері (ақпараттарды беру формалары) әңгіме немесе көрсету; заттың өзіне қарата жасағанды көрсету

және озық еңбек тәсілдерді көрсету және т.б. Насихаттаудың нақты әдістерінің бірі барлық мүмкін жазулар, электрлік токтан зақымдалу қауіптілігі, жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі туралы ескертулер болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқаруды кім жүзеге асырады?
2. Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару функциясы мен міндеттерін атаңыз.
3. Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды жоспарлау түрлерін атаңыз және олар не үшін құрылады?
4. Жұмыс беруші және кәсіпорындағы қызметкерлер кәсіподағымен бірге әзірленетін және қабылданатын құжатты атаңыз.
5. Кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару жүйесін ұйымдастыру қалай жүзеге асырылады?
6. Еңбекті басқару жүйесін есепке алу және талдау неден тұрады?
7. Еңбекті қорғауды басқару жүйесін үйлестіру функциясы неден тұрады және оны кім жүзеге асырады?
8. Кәсіпорындағы еңбекті қорғау жағдайын бақылау түрлерін атаңыз.
9. Нұсқама дегеніміз не?
10. Нұсқаманың түрлерін атаңыз.
11. Кіріспе нұсқама дегеніміз не және оны кім жүргізеді?
12. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама дегеніміз не және оны кім жүргізеді?
13. Қайталама нұсқама дегеніміз не?
14. Ағымдық нұсқама дегеніміз не және оны кім жүргізеді?
15. Жоспардан тыс және кезектен тыс нұсқамалар қандай жағдайда жүргізіледі?

